



Мәдениет  
қолдаусыз  
қалмайды

2-бет





Шамшырақ

3, 4, 5, 6-беттер





«Әлихан аллеясы»  
ашылды


8-бет



## • ФОРУМ

# Қарағандының қадамы нық

Қарағанды облысы халықаралық әріптестікті жаңа деңгейге көтеруде. Астанада өткен Қазақстан-Франция инвестициялық форумында Қарағанды делегациясы аймақтың экономикалық мүмкіндіктерін таныстырып, су ресурстарын тиімді басқаруға бағытталған маңызды келісімге қол қойды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бастаған делегация форум барысында инвестициялық жобаларға есік ашып, шетелдік компанияларды ортақ бастамаларға шақырды.



Екі ел арасындағы достықтың жаңа кезеңі басталды деуге толық негіз бар. Премьер-Министр Олжас Бектенов форумды ашу кезінде Франция мен Қазақстан арасындағы байланыстардың стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін атап өтті.

– Франциямен ынтымақтастық – Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтардың бірі және Еуропалық Одақ шеңберіндегі серіктестігіміздің ажырамас бөлігі. Біздің елдеріміз берік саяси байланыстармен, белсенді үкімет-аралық және парламенттік диалогпен, сондай-ақ, қарқынды сауда және инвестициялық өзара іс-қимылмен ерекшеленетін берік және көпқырлы серіктестікке ие, – деді Премьер-Министр.

Бұл сөздер форум атмосферасын айқындап қана қоймай,



Қарағанды секілді өндірістік аймақтар үшін жаңа мүмкіндіктер терезесін ашты.

Форумда сөз алған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің артықшылықтарын кеңінен таныстырды.

– Қарағанды облысы – үлкен мүмкіндіктер мен ашық диалог аймағы. Біз тек инвестиция тартуға ғана емес, ұзақ мерзімді және өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға тырысамыз. Біз SUEZ француз компаниясымен суды ұтымды пайдалану саласында ынтымақтастықты бастадық және барлығын жаңа бірлескен жобаларға шақырамыз. Біздің өңірдің артықшылығы – батыс пен шығыс, Еуропа мен Азия арасында, дәл орталықта орналасуымыз. Ірі көліктік-логистикалық жүйе, халықаралық автомобиль және теміржол дәліздері, әлеуеті толық пайдаланылмаған жүк-терминалы бар халықаралық дәрежедегі әуежай бар, – деді өңір басшысы.

Форум аясында Қарағанды қаласы үшін тарихи сәт орын алды. Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожухов, SUEZ International SAS компаниясының өкілдері және Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту және дамыту орталығы үш жақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Бұл құжат облыс орталығында су ресурстарын басқарудың заманауи жүйесін құруға жол ашады. Франциялық SUEZ компаниясы – әлемдік деңгейдегі көшбасшы, олардың тәжірибесі мен технологиялары енді қарағандылық тұрғындардың игілігіне қызмет етпек.

Компания суды үнемдеу, шығынды азайту, желілердің тиімділігін арттыру және қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша озық шешімдерді ұсынуға дайын. Бұл – тек қала үшін ғана емес, жалпы экологиялық қауіпсіздік пен климат өзгерістеріне қарсы тұру үшін де маңызды қадам.

Форум аясында тағы бір маңызды құжатқа қол қойылды. Атап айтқанда, Қарағанды медицина университеті мен Францияның әйгілі Париж-Сакле университеті өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасасты.

Келісімге сәйкес, алдағы уақытта қос диплом бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, биомедицина саласындағы бірлескен ғылыми жобалар жүзеге асырылады. Бұл – қазақстандық медициналық білім беру жүйесіне жаһандық сапа мен стандарт енгізудің нақты қадамы.

Қазақстан мен Франция арасындағы форум екіжақты байланыстарға тың серпін беріп қана қойған жоқ. Одан бөлек, Қарағанды облысының жаһандық инвестициялық картасындағы орнын нақтылап берді. Бұл – тек бүгінгі емес, ертеңгі күннің де бастамасы. Ал, суды үнемдеу мен жастарға білім беру секілді бастамалар – ұлт болашағына бағытталған ең құнды инвестициялар.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ**



### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

| Санаттар                 | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА |
|--------------------------|---------------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар | 6 ай 10 447,44 тг                     |
| Жеке жазылушылар         | 6 айға 3 386,60 тг                    |

| Санаттар                 | «Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ |
|--------------------------|-----------------------------------------------|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар | 6 айға 5 882,60 тг                            |
| Жеке жазылушылар         | 6 айға 3 074,60 тг                            |

**Анықтама телефоны:**  
☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.  
✉ E-mail: [otdel.pochtovyy@bk.ru](mailto:otdel.pochtovyy@bk.ru)

**Мекенжайымыз:**  
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

## Қарыздың жүгі жеңілдейді

Қарыз алғыңыз келе ме? Ендеше, құлағыңыз түрік болсын. Елімізде тұтынушы несиесіне қатысты жаңа ереже, жаңа талаптар қолданысқа енгізілмек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, банк пен микроқаржы ұйымдарының жұмыс ережелеріне өзгеріс енгізетін қаулы жобасын даярлады. Асылында аталған өзгерістер легі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында баса белгіленген тапсырмаға сәйкес орын алды.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде тұтынушылық несиелеудің қарқыны жоғары. Бір қарағанда мұны экономикалық белсенділік десек, жаңылыспаймыз. Бірақ, миллиондаған адамның мойнына артылып жатқан қаржы қамыты былайғы өмірімізге жүк екендігі және жасырын емес. Мәселен, қарапайым телефон үшін алған несие болсын, тоназытқышқа бөліп төлеу, той қарызы сынды жайттар сайып келгенде адамның тынысын тарылтады. Осы қауіптің алдын алу үшін жаңа жоба банк және микроқаржылық ұйымдардың жұмысын қайта сүзгіден өткізіп, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді көздейді. Асылы, бұл – жай заңнамалық «түгендеу» емес, қаржылық тәртіп орнатуға бағытталған жүйелі әрекет. Жобаның түпкі мақсаты – тұтынушылық кредит берудің шектен тыс өсімін тежеу. Азаматтардың шамадан тыс қарызға батуының алдын алу. Қаржы ұйымдарының несиелік саясатында жауапкершілікті күшейту. Аталған өзгерістер қаржылық жүйені тұрақтандырып қана қоймай, миллиондаған қазақстандықтың отбасылық бюджетіне тікелей игі әсер етеді. Себебі, осы жолғы негізгі ұстын тек ақшада ғана емес, сенімде, қауіпсіздікте және тұрақты болашақта болып тұр.



Коллаж жасаған Шығар Ахметбеков

Сонымен, жаңа жоба қандай қағидаттарды қамтиды? Тоқтайлық. Жобада тұтынушылық несиелеу саласын тәртіпке келтіруге және азаматтардың борыштық жүктемесін шектеуге бағытталған нақты шектеу шаралары көзделді. Атап айтқанда, төлем мерзімі 30 күннен асып кеткен, бұрын тиімсіз қайта құрылымдаудан өткен немесе соңғы 36 ай ішінде кешірілген қарыздары бар тұлғаларға қайтадан қарыз беруге тыйым салынады. Бұл – қаржылық тәртіпті бұзған қарыз алушыларға қатысты бақылауды күшейтуге арналған маңызды тетік. Кепілсіз тұтынушылық қарыздар легінің мерзіміне қатысты жаңа шектеу енгізіледі: 5 жылдан астам мерзімге мұндай қарыз беруге жол берілмейді. Аталған іргелі шаралар ұзақ мерзімді жоғары пайыздық міндеттемелер арқылы азаматтардың қаржылық тәуекелін төмендетуге бағытталған.

Үш жылдан бес жылға дейінгі мерзіммен берілетін кепілсіз тұтынушылық қарыздарға қатысты борыштық жүктеме коэффициентінің ең жоғары мәні 0,25 деңгейінде шектеледі.

➤ 2-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

|                 |                 |               |                |
|-----------------|-----------------|---------------|----------------|
| •EUR/KZT 580.94 | •USD/KZT 512.16 | •RUB/KZT 6.39 | •CNY/KZT 71.18 |
|-----------------|-----------------|---------------|----------------|

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
28 мамыр, 2025 жылғы дерегі бойынша

## • ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

# Мәдениет қолдаусыз қалмайды

Қазір кітапхана, театр, аула клубтары және мәдениет үйлері тұрғындар арасында қаншалықты танымал, онда бұл мәдениет ошақтары қандай проблемаларды бастан кешіруде және оларға қандай көмек керек? Облыстық мәслихат депутаттарынан құралған жұмыс тобы Қарағанды қаласы аумағындағы мәдени ошақтарды аралап, ондағы ұжымдармен кездесіп, жоғарыда аталған мәселелерді саралап, зерделеп, нақтылады. Енді, облыстық мәслихат депутаттары бұқаралық мәдениетті қалыптастыру аясында мәдениет және демалыс ұйымдарында қордаланған мәселелерді кезекті сессияда күн тәртібіне қоюды көздеп отыр.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихат депутаттары Әлихан Бөкейхан ауданының Пришахтинск бөлігінде орналасқан «Молодежный» мәдениет үйіне, «Солнышко» балалар мен жасөспірімдер клубына, №16 кітапхана филиалына, Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханаға және облыстық театрларға, сондай-ақ, Кеншілер мәдениет сарайы мен «Сарыжайлау» кинотеатрына ат басын тіреді.

Ал, Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры директорының орынбасары Бақыжан Ибраев өнер ордасы ұжымының толық жасақталғанын, онда өнерпаздар мен барлық техникалық қызмет-

керлерді қосқанда 230 адам жұмыс істейтінін атап айтты.

Шежірелі тарихы ғасырға жуықтаған Арканың абыз театрында 700 және 230 адамға арналған үлкен және кіші зал бар. Театр қызметкерлерінің материалдық-техникалық базаға ешқандай шағымы жоқ. Десе де, қойылымдарға көрермен толтыру мәселесі әлі де бар. Бұрын театрлардың негізгі келушілері дәстүрлі түрде мектеп оқушылары мен студенттер болатын. Енді, қазіргі таңда белгілі себептермен оқу орындарында билет таратуға да тыйым салынған.

Бір кездері бірқатар мекемелерде мәдени іс-шараларға қатысуға кәсіподақтар жауапты болған тұста да, билет сату жұмысымен сол ұйым айналысқан еді. Енді, бұл да мүмкін болмай отыр.

Сондықтан да, халық қалаулы-

лары «Білім ошақтары театрлармен неге тығыз қарым-қатынаста жұмыс істемейді?» деген мәселені білім басқармасымен талқыламақшы. Өйткені, бұл – оқу-тәрбие үдерісінің және балалардың мәдени дамуының бір бөлігі.

Сонымен қатар, жазғы мектеп жанындағы лагерлер де енді жұмыс істей бастайды. Бұл – мәдениет ошақтарына барып, рухани баюға, таным көкжиегін кеңейтуге таптырмайтын мүмкіндік.

К.Станиславский атындағы Қарағанды облыстық орыс драма театры ғимаратында жөндеу жұмыстары қызу жүріп жатыр. Оның негізгісі – ғимарат алдындағы аумақта. Атап айтсақ, онда абаттандыру, асфальт құю, төсемтас төсеу және жиектас орнату жұмыстары жүргізілуде.

Алайда, театр басшылығының айтуынша, зерделей келе, рухани орданың сыртына ғана емес, ішіне күрделі жөндеу жүргізу керек екеніне көз жеткізген. Себебі, театрға соңғы рет күрделі жөндеу 2009 жылы жүргізілген. Осы уақыт ішінде ғимарат әбден тозыпты. Өткен жылы қасбеті жанартылса да, жұмыс барысында ағымдағы жөндеудің орнына толық қайта құру жұмысының қажет екені белгілі болған.

Негізгі мәселе – киім ілетін орын, әжегітана және қойма орындары орналасқан жерге төбелерінің сыр беруі. Бұл қабат театр алдындағы алаңның астында. Онда дұрыс жүргізілмеген гидроқшаулану салдарынан еріген қар және жаңбыр суы жиналып, ішіне өтіп кетеді. Нәтижесінде бәрі бір уақытта ылғалданып, тозып, күрделі жөндеуді қажет етеді. Қазір мұнда техникалық тексеріс жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс біткеннен кейін мердігерлер жөндеу жұмыстарын бастауды жоспарлауда.

Театр ұжымы 2017 жылдан бері жұмыс істемей тұрған автоматты өрт сөндіру жүйесін орнату мәселесін шешуге көмектесуді сұрады. Мәселен, өрт инспекторлары әкімшілікке бірнеше рет айыппұл салып үлгерген. Басшылық оны мекеменің оңсыз да болмашы табысынан төлеуге мәжбүр



болған. Депутаттар ұсыныстарды жұмыс тобының сессия шешіміне, бюджеттік өтінімдерге енгізуі және театрға неғұрлым қысқа уақыт аралығында қол ұшын беру үшін барлық ақпаратты толық әрі нақты ұсынуды сұрады.

Сонымен бірге, сайланған өкілдер мәдениет басқармасының театр жанынан мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған үйірмелер ашу бастамасын да қолдауға дайын екендігін жеткізді. Өкінішке қарай, бұл мәселе қазіргі уақытта мүмкін емес. Өйткені, мұндай балалармен жұмыс істеуге рұқсаты бар мамандар қажет. Мұны мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы жүзеге асыру және бос уақытты ұйымдастыру жұмыстарына қатыса алатын үкіметтік емес ұйымдармен келісімшарттар жасау туралы ұсыныс бар екені айтылды.

Бұдан бөлек, облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Қадияша Оспанова «Өнер – баршаға» жобасын об-

лыс көлемінде кеңейтуді ұсынып, облыс орталығынан шалғайда орналасқан қалалар мен аудандарда тұратын балалардың мәдени шараларға тегін қатысуына мүмкіндік жасау қажеттігін алға тартты.

Ал, Кеншілер мәдениет сарайының да өз проблемалары бар. Атап айтсақ, ескірген дыбыстық және сахналық жабдықтар, арнайы іс-шараларды өткізуге қажетті LED-экран ауадай қажет. Отандық архитектураның сирек кездесетін сәулет ескерткіші қатарына жататын ғимаратты бірқатар ұйым бөлісуге мәжбүр.

Нақтырақ айтсақ, мұндағы 26 үйірмеден бөлек, оң қанатында мәдениет бөлімі, сол қанатында «Сарыжайлау» кинотеатры мен облыстық халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығы орналасқан.

Мәселен, облыстық халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығына кештер өткізуге арналған жеке залы мен киім ілетін орны болуы керек. Ал, олар аядай ғана бірнеше кеңсені місе тұтуға мәжбүр. Ол жердің де қабырғала-

ры дымқылданып, жөндеуді қажет етіп тұр. Жакын арада аталған ұйым отандық медиа жобалар өндірісін қолдау үшін «Ортау» шығармашылық орталығы ретінде модернизация мен ребрендингтен өтуі керек. Шығармашылық орталықтың тиімді жұмыс істеуіне жас авторлардың қажеттіліктеріне бейімделу үшін орын, цифрлық студия және шығармашылық зертханалар қажет.

– Бүгін біз бірқатар мәдени орындарды аралап шықтық. Кітапхана, театр және басқа да мәдениет ошақтары. Олардың көпшілігінің материалдық-техникалық базасын нығайту қажет екеніне көз жеткіздік. Жұмыс тобы барлық ұсыныстарды тұжырымдап, содан кейін тұрақты комиссияда әріптестердің талқысына саламыз. Мәдениет саласын қаржыландыру, кадр даярлау мәселесін көтеруді жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Қадияша Базарбайқызы.

*Суреттер облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен*

## • ӨЗЕКТІ

# Шегірткеге қарсы шабуыл

Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы алқаптарын қорғау мақсатында шегірткеге қарсы жаппай күрес шаралары басталды. 20 мамырдан бастап өңірдің егістік жерлері заманауи техникалар – жер үсті бүріккіштер, авиация және агродрондар арқылы өңделуде. Қауіптің алдын алу мақсатында жедел әрекет ететін штаб құрылып, іс-қимылдар нақты үйлестірілуде.

Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асановтың айтуынша, биыл 59,3 мың гектар жер химиялық өңдеумен қамтылады. Оның ішінде қауіпті ошақтардағы итальяндық прус және басқа да үйірлік шегірткелерге қарсы алдын алу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

– Басты мақсатымыз – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін елеулі зиян келтіру қатерінен қорғау. Біз шегіртке ошақтарын оқшаулап, олардың таралуына жол бермеу үшін алдын алу



сипатындағы шараларды қолға алдық, – деді Бауыржан Асанов.

Жер үсті желдеткіш бүріккіштердің саны – тоғыз, сонымен қатар, екі аса жеңіл ұшақ, бір дельтаплан және төрт агродрон іске қосылды. Бұл техника өңірдің шалғай және қолжетімсіз аумақтарын қамтуға мүмкіндік береді. Әсіресе агродрондар – дәстүрлі құрал-

дар жете алмайтын аумақтарда дәл және қауіпсіз өңдеуді қамтамасыз етуде таптырмас құрал.

Көктемгі дала жұмыстарына барлығы 136 маман жұмылдырылған. Олар жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен шегірткеге қарсы өңдеу жүргізіп келеді. Аймақ фермерлерінің айтуынша, биылғы шаралар дер кезінде

қолға алынып отыр.

Ақтоғай ауданындағы шаруашылық иелерінің бірі Сағдат Күземханов жергілікті билік пен мамандардың шегірткеге қарсы жұмыстарға белсенді кіріскенін атап өтті:

– Шегірткеге қарсы өңдеу жүріп жатыр. Уәкілетті органдар – егістікте, техника жұмыс істеп тұр. Біз үшін бұл – үлкен қолдау, – дейді фермер.

Облыс әкімдігі тарапынан үйлестіріліп отырған бұл күрес шаралары егін маусымының тұрақты өтуіне мүмкіндік бермек. Ауыл шаруашылығы – өңірдің экономикалық тіректерінің бірі, сондықтан зиянкестерден келетін қауіптің алдын алу – мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндет.

Жалпы алғанда, аталған бастамалар облыста ауыл шаруашылығы өндірісін қорғауға, шаруалардың сенімін нығайтуға және азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Тиісті шаралар жалғасатын болады. Шегіртке дер кезінде тоқтатылса, өнім де, үміт те ақталады.

**Өз тілшімізден**

## • МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

# Балалардың болашаққа үндеуі

27 мамыр мен 1 маусым аралығында Қазақстанда «Министрге хат» акциясы өтеді. «Қазақстан балалары» атты онкүндік аясында еліміздің түпкір-түпкірінен келген балалар Оқу-ағарту министрімен тікелей байланысып, мектепте, қалада немесе, тіпті, елде не өзгертілсе келетіні жайлы еркін айта алады.

Жоба идеясы – баланың үнін естіртуге мүмкіндік беру. Хатта бала өзіне маңызды, толғандыратын кез келген нәрсені жаза алады.

Сұрақ қойып, пікірін білдіріп, идеясымен бөлісе алады. Өтініштің форматы еркін: бұл мәтін, қолмен жазылған хат (сканер немесе фото), сурет, бейнежазба немесе, тіпті, презентация болуы мүмкін.

– Бала үні – болашақтың үні. Оқу-ағарту министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Қазақстан балалары» онкүндігін өткізуде. Әр күн баланың құқығын, қауіпсіздігін, білім мен тәрбие алуын, денсаулығын және дамуын арқау еткен тақырыптық бағыттарға арналады.

Бүгінгі күнді біз «Балалар үні» деп жариялап, әр баланың үніне, арман-мақсатына құлақ түрдік. Баланы әрбір ата-ана, әрбір ұстаз, әрбір азамат естуі тиіс. Оған шынайы көңіл бөліп, жеке тұлға ретінде қабылдау – саналы ұрпақ тәрбиелеудің бастауы, – дейді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Хаттар balalaruni2025@gmail.com мекенжайы бойынша қабылданады. Міндетті түрде тегі, аты-жөні, мектебі, мекенжайы және байланыс нөмірі көрсетілуі керек.

Министрлік мамандары әрбір хатпен жеке танысатынын мәлімдеді. Шынайы әрі мазмұнды хаттарға министр жеке жауап береді.

**Арайлым ШОҚПАРОВА,**  
Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенті

# Қарыздың жүгі жеңілдейді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни, азаматтың табысына қарай қарыз көлемін нақты реттеп, оның қаржылық мүмкіндіктерінен тыс қарыз жүктемесіне ұшырауына енді жол берілмейді. Және соңғы 12 ай ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен қарызы бар азаматтарға жаңа қарыз беру бойынша қосымша шектеулер қарастырылған. Сонымен қатар, үш жылдан астам мерзімге берілетін кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша тәуекел-саралау 350% деңгейінде белгіленді. Осылайша банк секторының тәуекелі нақты бағаланып, несие портфелінің сапасы артпақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында әділетті Қазақстан құру үшін қаржылық

тұрақтылық пен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға басымдық берді. Осы бағытта қабылданып жатқан жаңа тұтынушылық несиеге үлестіретін реттеу ережелері – Президент тапсырмасының жүйелі жалғасы деп толық сеніммен айта аламыз.

– Тұтынушылық несие саласына енгізіліп отырған ілкімді өзгерістер халықты артық қарыз жүктемесінен қорғап, қаржылық сауаттылықты арттыруға, азаматтардың табысына сай әрі жауапты түрде несие алуына мейлінше мүмкіндік ұсынады. Жаңа ережелер тек қаржы ұйымдарын тәртіпке шақырып қана қоймай, олардың несиелік саясатына сапалы өзгеріс енгізуді міндеттейді. Кепілсіз несиедердің мерзімін бес жылдан аспайтын етіп шектеу, қар-

рыз алушының табысына сай жүктеме коэффициентін нақтылау, төлем қабілеті нашар азаматтарға несие беруге тосқауыл қою – қаржылық қауіпсіздікке жасалған ұтымды қадамдар. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай қолға алынған шаралар қаржы нарығындағы тұрақтылықты нығайтып, азаматтардың болашағына деген сенімін арттырады. Ең бастысы, экономикалық өсіммен қатар, әлеуметтік әділеттілік те алға шығады, – деп пікір білдіреді жергілікті экономист Дәурен Қабылбеков.

Жалпы алғанда, жоталы жоба азаматтардың қаржылық қауіпсіздігін арттырумен қатар, несие ұйымдарына да қосымша жауапкершілік жүктейді. Соны ережелер қаржы нарығын-

дағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Демек, қаржыға қатысты кез келген шешім – тек бүгінгі күннің ғана емес, ертеңнің де қамы. Жаңа ережелер – шектеу емес, қорған. Яғни, азаматтардың қаржылық еркіндігіне жасалған нақты қадам. Жауапкершілікпен берілген несие – тыныш ұйқы мен сенімді болашақтың кепілі. Ендеше, қарыз аларда ойланып барып, салмақтап шешім қабылдаған ләзім. Себебі, ендігі жерде қаржы ұйымдары ғана емес, әрбір азаматтың өзі де болашағы үшін жауапты болмақ. Қаржылық сауаттылық – ұтымды өмір сүрудің негізі. Тиімді реттелген жүйе арқылы біз тек банктердің жұмысын емес, тұтас қоғамның әл-ауқатын оң бағытқа бұра аламыз.



## «Bolashaq» студенті – үздік

Жақында Астанада «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» конкурсының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Талантты жастарды қолдау, жұмысшы біліктіліктерін және білім, дағды мен дарын арасында жетістікке жеткен ТЖКБ ұйымдарының үздік студенттерін қолдау мақсатында өткен байқауға 2604 студент қатысты. Үздік жүздікке Қарағанды облысынан 7 студент енді. Солардың бірі – Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжінің «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығының 3-курс студенті, колледждің «Жігер» СП-нің президенті Анед Тикенова.



Үздік студент атану үшін студентке мамандығын игерудегі терең білімімен қатар, қоғам алдында азаматтық көзқарасын көрсететін белсенділік, шығармашылық, жауапкершілік, патриоттық сезім керек. Осы аталған қасиеттердің барлығы Анеддің бойынан табылады деп нық сеніммен айта аламыз. Ол «Болашақ тіл маманы ретінде мені еліміздің ертеңі, мемлекеттің тіліміздің тағдыры қатты толғандырады. Технологияның көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан заманында елімінің бір орында қалып қоймай, дамыған елдермен терезесі тең болғанын мен де қалаймын. Жаһандану жолына әр ел өз ұлттық құндылықтарын негізге ала отырып, қадам басса ғана, сол ел басқа елдерден, сол ұлт басқа ұлттан ерекшеленіп алда тұрар еді», – дейді өзінің байқауға жазған ынталандыру хатында.

Анед өзінің маман болып қалыптасу жолындағы ең басты мақсаты – жастардың бойында өз ұлттық құндылықтарына деген құрмет, сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру екендігін тілге тиек ете отырып, осы жолда ол өзге ұлт өкілдеріне арналған «Қазақ тіліне қадам бас!» кітабын құрап, сол арқылы мемлекеттік тілді меңгерудің жеңіл жолдарын ұсынуға. Кітап «Қазақ тілі – күнделікті өмірде» (күнделікті өмірге қажетті диалогтар), «Төлдйбыстардың артикуляциясы», «Көркем шығармаларды комикс арқылы оқыту» деген тараулардан тұрады. Қазіргі таңда осы кітапша арқылы «Bolashaq» колледжінің өзге ұлт өкілдерін әр сәрсенбі сайын ерікті түрде жинап, тіл үйретуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылына» арнап, әлеуетін арттыруға үлкен күш жұмсап жатыр. «Bolashaq» колледжінде де еңбек нарығында сұранысқа ие бірнеше жұмысшы мамандықтар даярлануда. Осы мамандықта білім алып жатқан өзге ұлт өкілдеріне Анед өз авторлығымен жасалған тіл танытқыш кітабы арқылы мемлекеттік тілді игерулеріне жағдай жасап, қолайлы жолдастық орта тудыруда.

«Көлдiң тамшыдан құралатынын» ескерсек, Анедiң бұл кiшкене қадамынан үлкен нәтиже шығарына оның жетекшiсi ретiнде үлкен сенiм артамын.

**Меруерт ҚАБЫЛОВА,**  
**Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**



Ұстаздарға арналған қосымша

### • ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ

## Инклюзивті білімнің көшбасшысы

Биыл Қарағанды облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің (ПМПК) құрылғанына – 25 жыл. Жемісті жұмыс істеген ПМПК тек өңірде ғана емес, бүкіл республикада балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау жөніндегі жетекші орталыққа айналды.

**Аяулым COBET,**  
**«Ortalyq Qazaqstan»**

2015 жылдан бастап балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерумен және ата-аналарды кеңес берумен қамтуды кеңейту мақсатында ПМПК екі ауысымда жұмыс істеу тәртібіне көшті. Бұл орталықтың жыл бойы үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, ерекше қажеттіліктері бар балаларды



анықтау мен оларды арнайы білім беру қызметтерімен қамту көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік берді.

Бүгінде орталықтың басты міндеті – кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жүргізу. Оған

көсе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды бағалау, ата-аналар мен педагогтарға сапалы білім алуға қажетті арнайы жағдай жасау жөнінде кеңес беру. Әрине орталық жұмысының нәтижелері тікелей баланың тағдырына әсер етіп, оны арнайы немесе инклюзивті білім беру жүйесіндегі болашақ жолын айқындайды. Сондықтан облыстық ұжымның кәсіби мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы әрі толыққанды өмір сүру құқығын қамтамасыз ету. Осы жолда инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту көшбасшысы ретінде бағыт-бағдар береді. Бүгінде орталық өзінің кәсіби қызметі, атап айтқанда, арнайы және инклюзивті білім беру саласында алдыңғы қатарда деп танылып отыр. Бұл ұжымның жоғары кәсіби деңгейінің, ғылыми-әдістемелік және ағартушылық қызметінің арқасында болса керек.

ПМПК қызмет еткен жылдар ішінде жүздеген бала тексеруден өтті. Бұған мектеп және мектепке дейінгі ұйым педагогтары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мамандарымен Е.Бөкетов атын-

дағы Қарағанды зерттеу университетімен сенімді серіктестік байланыс орнатылған.

Орталық мамандары үнемі біліктіліктерін арттырып, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады. Республикалық және облыстық деңгейдегі жеті әдістемелік ұсынымның авторлары. Ерекше маңызды жобалардың қатарында «Бүгін, ертең және әрқашан» атты әлеуметтік-педагогикалық бастама мен күрделі бұзылыстары бар АСБ-мен (аутизм спектріндегі бұзылыстар) балаларды әлеуметтендіруге бағытталған халықаралық гранттық жоба бар. Ұжым қызметкерлерінің айтуынша, бүгінде ұжым алдында инклюзивті және арнайы білім беруді дамыту көшбасшысы бола отырып, әр баланың лайықты әрі толыққанды өмір сүру құқығын қорғау сияқты маңызды мақсат тұр.

– Уақыт бір орнында тұрмайды. Әр күн бізге жаңа талаптар, жаңа сын-тегеуріндер мен жаңа мүмкіндіктер әкеледі. Біз ПМПК-дан өтетін әр баланың тағдырына ықпал ететінімізді түсіне отырып, барлығын мұқият жасаймыз. Ұжымдағы құндылықтар бірлігі үйлесімділік пен нақтылыққа әкеледі. Білім беру мен балалар құқығын қорғау саласындағы барлық өзгерістерді қадағалап отырамыз. Сол себепті заманмен бірге ілесіп келеміз. Біз ата-аналар, серіктестер және әріптестерімен бірлесіп, ортақ ізгі істі атқарып жатырмыз және әрқашан ынтымақтас-тыққа ашықпыз, – дейді облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес орталығының басшысы Жанар Ержолова.

Жақында орталықтың 25 жылдығына арналған республикалық стендтік конференция өтті. Ол ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының, арнайы білім беру саласындағы шетелдік әріптестердің және үкіметтік емес ұйым өкілдерінің ашық диалогтағы алаңына айналды. Еліміздегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес дамуының болашағы талқыланып, қатысушылар үздік педагогикалық тәжірибесін таратты.

*Суреттер орталық мұрағатынан*

### • ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

## Белсенді оқушы белесі

Елімізде күн сайын білім саласында түрлі жаңалықтар орын алуға. Осындай жаңалықтардың бірі – оқушылармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл – өз бетінше зерттеу жүргізу және нәтиже алу үшін ғылыми тәсілді қолдану.

Мұғалім үшін қойылған міндеттерді шешу, практикалық дағдыларды қолдану және алынған нәтижелерді талдау маңызды. Оқу жылы бойы оқушылармен жүргізілген жұмыстар таланттарын ашуға және белгілі салада дағдыларын көрсетуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмыстарының бірі – химия пәні бойынша №3 гимназияның 9 «Г» сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыс шайдың сапасы мәселесіне арналды. Оқушылар теориялық материалды сәтті өңдеді. Жұмыстың практикалық бөлігіне қызығушылықпен қарап, бәрін сауатты рәсімдеп, қызықты қорытындылар ашты. Жоба қорғауда 9 «Г» сынып оқушысы Гүлім Жасұланқы-

зы ынта-жігерін көрсетіп, оқушылар арасында лайықты екінші орынға ие болды. Сонымен қатар, «Шәкәрім мұрасы – адамның ғылыми-адамгершілік кемелденуінің негізі» атты қала мектептерінің 8-11 сынып оқушыларына арналған ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға мүмкіндік алып, I жүлделі орынға ие болды. Қазылар алқасы Гүлімге «Зерде» республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға ұсыныс берді.

**Дана ЖАНТУРИНА,**  
**№3 гимназияның химия пәні мұғалімі**

**ҚАРАҒАНДЫ**



### • ТАНЫМ

## Ұлттың батыр ұланы



Сурет ашық деректен

**Ұшарал ауылындағы Қ.Нұржанов атындағы саябақта Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында «Ұрпақтар жалғастырады» тақырыбында мәнерлеп өлең оқу сайысы өтті.**

«Ұрпақтар жалғастырады» мәнерлеп өлең оқу сайысына Қ.Нұржанов және Ә.Болғанбаев атындағы мектептен 15 оқушы қатысты. Сайысқа қатысқан оқушылар ұлттың батыр ұланы Қазыбек Нұржанов жайында өлеңдермен бірге жеңіс, соғыстың зардаптары туралы жырларды мәнерлеп оқып, келген қонақтар мен ауыл тұрғындарын тандандырды. Сайыстың жеңімпаздарын Қ.Нұржанов ұрпақтары атынан заң ғылымдарының кандидаты Дархан Өзбекұлы ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Сайысқа әр оқушы жауапкершілікпен қарап, үлкен дайындықпен келгендері көрінді. Қ.Нұржанов атындағы

орта мектепті бітіргендеріне 50 жыл болған түлектері кештің қонақтары болды. Батыр саябағына раушан гүлдерін отырғызып, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Клуб меңгерушісі Фариза Айдарханова «Ана туралы баллада», Аянат Төлеутайдың «Ер Қазыбек» әндері көрермен жүрегінен орын алып, шараның көркін ашты.

Бейбіт күн сыйлаған, қайсар рухтың, Отанға деген аста-төк ғажап махаббаттың үлгісі болған Қазыбек атамьздың ерлігі ұрпақ үшін тәрбие болып қала беретінін сайысқа қатысқан әрбір жас қатысушы түсінді. Батыр атамьздың ерлігіне марқайып, мәңгі естерінде сақтай-тындай мақтаныш сезіммен қайтқаны әр баланың жүзінен көрінді. Келешекте Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржановтың саябағы тәрбие орталығына айналып, жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятады деген сеніммен тарқады көрермен қауым.

**Шолпан НҮРЖАНОВА,**  
**М.Жұмабаев атындағы гимназияның математика пәні мұғалімі**

• МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

## Балдәурен шағымның куәсі

«Ғалым да, кенші де бас иетін, Ұстазым бар сенің қасиетің...». Осы бір әнді естіген сайын он бойына бірнеше қасиетті сипіре білген аяулы ұстаздарым көз алдымда тұрады.



Иә, адам баласының тәй-тәй басып кіріп, таудай болып шығатын мектебі – жүрегінің түбінен мәңгілік орын алатын алтын ұясы, өмір бойы әлдилеп өтетін іңкәр сезімі, балдәурен балалық шағы. Өткен өміріне бір бұрылып қараған кезінде тай-құлындай тебісіп, асыр салып өскен құрбы-құрдастарымен бірге өзінің он жыл бойы білім нәрімен суындаған, тәлім-тәрбие алған мектебі көз алдына елестейді.

Мен Ақтағай ауданындағы Ақши орта мектебінде білім алдым. 1 кыркүйек күні мектеп ауласында өтетін алғашқы қоңырау рәсімінің салтанатты көріністері, сол күнгі мерекелік көңіл-күй, мектеп директорының жаңа оқу жылының басталғанын хабарлағаны әлі есімде. Ұстаздар қауымының оқушыларды құттықтаған көтеріңкі дауысы, сыныптастар бейнелері 35 жыл өтсе де, ұмытылған жоқ.

Сынып жетекшіміз Алтын Алпысбаева сыныпта басымыз қосылып болған соң әрқайсымыздың көзімізге байыппен қарап, жан толқынысымызды тап басуға тырысатын. Сынып жетекшімізге сөз келмесін, өзі ренжімесін деп барынша тәртіпті болғмыз келетін.

Тарих пәнінің мұғалімі Төкен Қабылов ағай арғы-бергі тарихи оқиғаларды майын тамызып, түсінікті де жатық тілмен баяндағаны сонша, ғасырлар қойнауында жүретінбіз. 45 минуттың қалай зыр етіп өтіп кеткенін де байқамай қалатынбыз.

Ал, адамның мінез-құлқын, болмысын, өмірге деген көзқарасы мен ой-өрісін қалыптастыруға әсер ететін әдебиет сабағының орны бөлек әрине. Әдебиет сабағынан дәріс берген мұғаліміміз Сәбира Құлпейісова ата-бабаларымыздан қалған даналық сөздер, мақал-мәтелдерден басқа, тарихи жырлар, махаббат дастандарын жаттатып, ерлік, мәрттік, қайырымдылық, жомарттық сынды адамгершілік рухына тұнып тұрған халқымыздың өткен өміріне ерекше құрметпен қарауға үйретті.

Жалпы, мектепте өткізілетін әр пәннің өзіне тән ерекшелігі бар. Қызықтылығымен әр адамның бойына терең із қалдыратыны кәміл.

**Гүлжанат ЖОЛДЫБЕКОВА,**  
**Ж.Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі**

• ТАЛБЕСІК

## Тәрбие мен білім – егіз

Қазіргі таңда жаһандану үдерісі күшейіп, әлемдік мәдени ықпалдастық артып келе жатқан кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтау және оны өскелең ұрпақтың бойына сіңіру өзекті. Ұлт болашағы – өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне байланысты.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мәдени мұрасы мен тарихи құндылықтары – ұлттың айнасы әрі елдің берекесін сақтаушы күш. Сондықтан оқушыларды халқымыздың ұлттық құндылықтарына, мәдени мұрасына, адами қасиеттеріне баулу – басты міндеттердің бірі.

Бүгінде білім беру жүйесінде тек академиялық білім берумен шектелмей, жас ұрпақты рухани тұрғыда байытуға ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта өзін басқаратын №14 мектеп-гимназиясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Бұл жобалар оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың бойында мейірімділік, отансүйгіштік, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді асыл қасиеттерді дарытуға бағытталған. Мектепте сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралар барысында ұлттық құндылықтарға негізделген әдіс-тәсілдер үнемі қолданылады. Ұлттық ойындар, шығармашылық жобалар, театрландырылған қойылымдар, рөлдік ойындар мен танымдық саяхаттар арқылы оқушыларға ұлттық мұра мен салт-дәстүрлердің маңыздылығы түсіндіріледі. Бұл тәсілдер олардың танымдық қабілеттерін арттырып қана қоймай, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына да оң ықпал етеді. Осы орайда бағдарлама ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу арқылы ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ықпал ету мақсатында мектебімізде бірнеше жоба іске асырылып өз нәтижесін беруде.

Атап айтқанда «Мейірім» қайырымдылық жобасы оқушылардың мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Жоба аясында түрлі қайырымдылық іс-шаралары, мұқтаж жандарға көмек көрсету, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету жұмыстары жүргізіледі. Оқушыларды ізгілікке, жақсылық жасауға баулитын бұл бастама олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

«Ата-ананы педагогикалық қолдау орталығы» жобасы ата-аналар мен мектеп



арасындағы байланысты нығайту мақсатында жұмыс істейді. Ата-аналарға психологиялық және педагогикалық кеңес беру, балалардың тәрбиесі мен білім алуы барысында туындайтын мәселелерді бірлесе шешу, түрлі тақырыптарда тренингтер мен семинарлар өткізу – орталықтың басты міндеттері болып табылады.

«Аталар мектебі» жобасы арқылы оқушылар ата-бабаларымыздың өмір сүру дағдылары, дәстүрлері, ұлттық тәрбие үлгілерімен танысады. Жоба аясында елге сыйлы ақсақалдармен кездесулер, тарихи тұлғалар туралы әңгімелер, ұлттық мұраларға байланысты танымдық сабақтар ұйымдастырылады.

Ал, «Әжелер мектебі» жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүрлерді, отбасы құндылықтарын үйретуге бағытталған. Әжелер өз өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, қыз балаларға ұлттық тәрбие беріп, колөнер, ас дайындау, кесте тігу сияқты дәстүрлі өнер түрлерін үйретеді. Сонымен қатар, ұлттық ертегілер мен мақал-мәтелдер арқылы жасөспірімдердің рухани әлемін байыту көзделеді. «Әкелер кеңесі» әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін арттыруға

бағытталған. Әкелер өз балаларына үлгі көрсетіп, олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Әкелердің қатысуымен түрлі спорттық және мәдени шаралар ұйымдастырылып, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынас күшейтіледі.

«Аналар мектебі» отбасы жылуын, мейірімділік пен қамқорлықты насихаттауға бағытталған. Бұл жоба аясында аналар мен қыз балаларға арналған кездесулер, ұлттық тәрбиеге қатысты дәрістер, қыз баланың болашақ отбасындағы рөлі туралы әңгімелер өткізіледі. Аналардың бала тәрбиесіндегі маңызын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба аясында оқушылар қазақ әдебиетімен, халық ауыз әдебиетімен танысып, ертегілер мен аңыздарды оқиды. Мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен түрлі әдеби кештер, кітап оқуға арналған сайыстар өткізіледі.

**Өрікбай АРИНОВ,**  
**№14 мектеп-гимназияның директоры**

**ҚАРАҒАНДЫ**

• ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУЛАР

## Құндылыққа бағытталған білім

Еліміздің білім беру ұйымдарында екі жылдан бері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы сәтті іске асырылуда. Құндылықтарға негізделген тәрбиенің нәтижесінде білім алушыларда негізгі құзыреттер қалыптасады. Сондықтан бұл үдерісте басты рөл білім беру ұйымдары мен педагогтарға жүктеледі.

Шара педагогтар қауымдастығының үлкен қызығушылығын тудырды.

Сараптамалық сессияда құндылыққа негізделген тәрбие бойынша түрлі мамандар қызметін бейнелейтін төрт түрлі мазмұндағы баяндама ұсынылды.

Әрбір баяндама қатысушылар тарапынан зор ықыласқа ие болды. Қойылған сұрақтар сессия барысында пікір алмасу мен талқылауға жол ашты. Тоғыз алаң жұмыс істеп, 100-ден астам өтінім ішінен іріктелген 70 педагог өз идеяларын ортаға салды.

Қонақтар воркшоп аясында мектеп мұражайымен танысып, оны отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ресурстық құрал ретінде талдауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің

оқырмандық сауаттылықты дамыту, кәсіптік бағдар, ағылшын тілін меңгеру салаларындағы мүмкіндіктері қарастырылды. Қатысушылар журналдардың жарқын беттері мен киізді қолданып, шығармашылық туындылар жасады, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мәселелерін терең талқылады.

Әсіресе «Еңбекқорлық және кәсібилік» бағыты бойынша өткен пікірталас алаңы ерекше назарға ие болды. Қатысушылар «Қазіргі таңда қандай кәсіби бағдар қажет?» деген өзекті сұрақ төңірегінде өз пікірлерін ортаға салды. Білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдар жұмысының түрлі аспектілері қарастырылып, заманауи технологияларды пайда-

лану арқылы кәсіби бағдар жүйесін құру тәжірибесі сарапқа салынды.

Пікірталастың қорытындысында жалпы орта білім беру ұйымдары мен колледждердің өзара әріптестік орнатуға келіскені маңызды нәтиже болды.

Елдің 11 өңірінен келген 280 педагог «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін пайдалануға болатын түрлі ресурстар мен әдістемелерді таныстырды.

Педагогикалық оқулардың басты мақсаты – оқыту, тәрбиелеу және дамыту үдерістерін біріктіретін, құндылыққа және құзыретке негізделген тәсілдерді іске асыру. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату – толық орындалды. Алайда, бұл барлық сұрақтардың шешілгенін білдірмейді.


**Марина КУШНИР,**  
**п.ғ.к., «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Қарағанды облысы бойынша КДИ» филиалы директорының орынбасары**



**ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ**

## Дұрыс тандалған мамандық

«Қазақстан колледждерінің TOP-100 студенті» республикалық байқауының жеңімпазы Рәзия Әбдуәли Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінде мамандығын сүйіспеншілікпен игеруде.



Рәзия көпбалалы отбасында тәрбиеленген, бала кезінен аспаз болуды армандаған. Анасы пешке нан салғанда, таңертеңгілік үй ішін жайлаған нанның иісі оның бала жүрегіне ерекше әсер еткен.

Ол колледж қабырғасында кондитерлік құзыреттілік және наубайхана ісі бойынша бірнеше шеберлік сағатын өткізіп, келген қонақтар мен бірінші курс студенттеріне өз білімін, тәжірибесін бөлісуі үлкен жетістік санайды. «Ас – адамның арқауы» дегендей, қазіргі таңда өз өнімдерін нарыққа шығарып, тұтынушылардың таза әрі пайдалы тағам тұтынуын басты мақсат етіп отыр. Сонымен қатар, Рәзия студенттік «Жігер» парламентінің «мәдениет және өнер» фракциясының жетекшісі. Әртүрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырып, студенттік өмірге серпін беріп келеді. Колледжішілік және облыстық байқаулардың жеңімпазы атанып, шығармашылықпен де айналысып жүр.

«Менің отбасым – менің шежірем» атты облыстық байқауда жүлделі 2-орын, акын Серік Ақсұңқарұлы шығармашылығына арналған байқауда «Мен – һас сақтың кара өлеңі» номинациясы бойынша 2-орын иеленді. 2024 жылы «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» атты облыстық іс-шарада жүлделі орын алды.

Жастарды қолдау мақсатында «AMANAT» партиясы мен «Жастар рухы» ұйымының қолдауымен өткен «Еңбек. Болашақ. Даму» форумында облыстық мәслихат депутаты, меценат Асқар Оразбековтің грантының иегері атанды. 2023 жылы «WorldSkills» байқауына кондитерлік іс, 2025 жылы наубайхана ісі құзыреттілік бойынша облыстық кезеңге қатысты.

Рәзияның туған ауылында наубайхана ашу жобасы көпшіліктің қолдауына ие болды. Бұл – тек бизнес жоба емес, ауыл тұрғындары үшін сапалы, дәмді тағам ұсынып, жаңа жұмыс орындарын ашуды көздейтін игі бастама.

**Құралай ӘБЕНОВА,**  
**Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінің директоры**

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің»

Бәсекеге қабілетті мамандардың жаңа буынын даярлауда Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті жоғары білім беру саласында көш бастап келеді.

Жақында университетімізде «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, доцент Қ.Қалыбекованың басшылығымен қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің!» факультетаралық қазақ тілінен пәндік олимпиада өзге ұлт өкілдерінің арасында өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – ұлы Абайдың шығармашылығын насихаттау, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, студенттердің қазақ тілін білу сауаттылығын арттыру, тілді құрметтеуге тәрбиелеу. Студенттер арасында өткізілген олимпиада бірнеше кезеңнен тұрды.

Студенттер бірінші турда «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата,



жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз-дан болады» тақырыбында эссе жазды. Бұл жазба жұмысында студенттер тұрмыс пен салттың, өмір мен тіршіліктің, қоғам мен дәуірдің өзгеруіне байланысты, әлеп,

үлгі, тәрбие, тағылым, таным бойынша өз пікірлерін қағазға түсіріп, сауаттылықтарын таныта білді.

Келесі турда берілген тапсырма «Жеті жұрттың тілін біл» тақырыбына арналды.

Қатысушылар бір-бірімен сұхбаттасып, «Отан – отбасынан басталады», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Білімді жастар – Қазақстанның болашағы», «Денсаулық – зор байлық», «Цифрлық Қазақстан», «Көп тіл білудің пайдасы», «Дос – сен тапқан қазына», «Табиғат – тал бесік», «Тәуелсіздік – ел бақыты ертеңім!», «Қазақстан – туған жерім», «Отбасы – шағын мемлекет», «Жастар – елдің қозғаушы күші», «Отан – қуат, отбасы – шуақ», «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің» сынды берілген тақырыптар бойынша пікірлерін білдірді. Олимпиадаға қатысушылар сұхбаттасу барысында ұлы ақын Абайдың өлеңдерінен, қара сөздерінен үзінділерді жатқа оқыды.

Келесі кезеңде «Білім – таусылмайтын кен» тақырыбындағы грамматикалық және танымдық сұрақтардан тұрды. Тест тапсырмаларына жауап берді. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тапта, бар, қалаң!» тақырыбындағы суреттер бойынша әңгімелер құрастырып, қазылар алқасының қойған сұрақтарына жауап берді. Студенттер бүгінде Қазақстанның үлкен нәтижелерге қол жеткізгеніне, стратегиялық жолды дұрыс тандағанына, халықаралық деңгейде танымал болып,

әлемде лайықты орын ала білген мемлекет екеніне тоқталды. Еліміздің таңғажайып табиғаты, қайталанбас ерекшелігімен көз тартатын сұлу өлкелері туралы айтты. Еліміздің мәдени әрі рухани, тарихи жәдігерлеріне тоқталды. Жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында еліміздің шаңырағы биік, беркесің кең мемлекет болып қалыптасқанын әңгімелеп берді. Бүгінгі жастар өзі қалаған мамандығын оқып, игеріп жатқанына тоқталды. Студенттер алған теориялық білімдері мен тәжірибелерін кәсіптеріне сай дұрыс пайдаланса, осының негізі олардың кәсіби өсуі мен мансабына ықпал ететінін айтып өтті.

Кез келген жас маман өзі таңдап алған кәсібін, сол саладағы технологияларды, жаңаша ойлауды, белгілі ортаға икемді қарым-қатынастарды қалыптастыруды үйреніп, заман талабына сай қолдана білсе, бәсекеге қабілетті болатынына тоқталды. Мемлекеттік тілді меңгерген мамандардың болашағы зор екенін айтты.

**Н. НЫҒМЕТОВА,**  
**Л. КУЛЕЙМЕНОВА,**  
**Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің оқытушылары**

# Білім мен парасаттың үлгісі



Қазақстанның ғылымы мен білімінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлғалардың бірі – академик Евней Бөкетов. Ол – парасатты ғалым, білікті басшы, ұлағатты ұстаз және ұлтжанды азамат ретінде халқымыздың рухани қазынасында ерекше орын алады. 1925 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген Е.Бөкетов жастайынан ғылым мен білімге құштар болып өсті. Ол өмірін химия ғылымына арнап, металлургия, органикалық химия және катализ салаларында іргелі зерттеулер жүргізіп, отандық ғылымды жаңа деңгейге көтерді.



Оның ғылыми еңбектері шетелдік баслымдарда да жарық көріп, халықаралық беделге ие болды. Е.Бөкетовтің есімі еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің дамуымен де тығыз байланысты. 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып тағайындалып, оны еліміздегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналдырды. Оның бастамасымен университетте ғылыми-зерттеу жұмыстары жанданып, жаңа факультеттер ашылып, мыңдаған жас маман тәрбиеленді. Ғалым ретінде ғана емес, адамгершілігі мол ұстаз ретінде де танылған ол шәкірттерінің бойына ғылымға деген қызығушылықпен қатар, отансүйгіштік, адалдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді сіңіре білді.

Евней Бөкетов – өз халқының рухани кемелденуіне қызмет еткен, артында өшпес мұра қалдырған біртуар тұлға. Оның өмірі мен өнегесі – әрбір қазақ жасы үшін үлгі болары анық. Ректор ретінде Бөкетов басқарушылық қызметте жанашыл, ұлтжанды, әрі талапшыл басшы болды. Ол ғылым мен білімнің өзара байланысына аса мән берді, студенттердің сапалы білім алуына, оқытушылардың ғылыми ізденіске араласуына жағдай жасады. Сонымен қатар,

оның басқаруындағы университет білім ғана емес, мәдениет пен руханияттың да орталығына айналды.

Биылғы жылы университетімізде ғұлама ғалым Е.Бөкетовтің 100 жылдығына арналған түрлі ғылыми конференциялар, әдеби кештер, мәдени шаралар ұйымдастырылды. Студенттердің өлеңдер жинағы жарық көрді. Университет деңгейінде академиктің 100 жылдығына орай шетел тілдер кафедрасы ұйымдастырған университеттің тілдік емес бейінді оқу бағдарламаларының І курс студенттері арасында «Бақытты адам» атты ағылшын тілінде эссе байқауы ұйымдастырылды. Ғалымның өмірі, шығармашылығы мен еңбек жолы туралы І курс студенттері арасында бейнебаян конкурсы өтті. Конкурс барысында студенттер ұлы тұлғаның өмірбаянынан бастап ұстаздық пен басқарушылық қызметі жайында, ғылымдағы дара жолы туралы ағылшын, неміс және француз тілдерінде баяндап берді.

**Бақыт БЕЙСЕНБАЕВА,**  
**Е.Бөкетов атындағы**  
**Қарағанды зерттеу**  
**университетінің шетел**  
**тілдері кафедрасының аға**  
**оқытушысы**

## • ТАЛБЕСІК

# Ұлт мәдениеті ұмыт қалмауы тиіс

Бүгінде көптеген жастар әлеуметтік желі арқылы шетел мәдениетіне қызығушылық танытып, соны үлгі тұтып келеді. Мұның айқын дәлелдерінің бірі – қазақ жастарының өзге тілде, әсіресе орыс тілінде жиі сөйлеуі. Өз елінде жүріп ана тілін екінші орынға қоюлары алаңдататын жайт.

Сонымен қатар, жастардың шетелдік бренд киімдерге әуестенуі де байқалады. Әрине, заман өзгеруде, дегенмен ұлттық мәдениетімізді дамыту мен сақтау орнына, басқа елдің мәдениетіне еліктеу қаншалықты дұрыс? Қазақ жастары мәдениетін ұмытпауы үшін, ең алдымен, ана тілімізге деген құрметті арттыру қажет. Ана тілі – ұлттың жаны мен рухының айнасы. Тілімізді құрметтеу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа деген жауапкершілік. Егер біз тілімізді ұмытсақ, өз болмысымыздан айырыламыз. Сондықтан да, әрбір жас ұрпақ өз ана тілінде сөйлеп, оны мақтан тұтуы керек. Сонымен бірге, ұлттық құндылықтарды

дәріптеп, қазақи салт-дәстүр мен өнерді жаңғырту – әрбір азаматтың міндеті. Ұлттық мәдениетімізді сақтау арқылы ғана біз өзіміздің ерекше болмысымызды жоғалтпай, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыра аламыз. Ол үшін әрқайсымыз өзімізден бастауымыз керек. Тарихымызды тануға ұмтылу – болашаққа жол ашатын асыл қадам. Мәдениетіміз – біздің рухани қорғанымыз. Сол қорғанды берік ұстау – әр қазақ баласының қасиетті борышы.

**Айым ЖУМАЖАНОВА,**  
**М.Жұмабаев атындағы**  
**гимназияның ІІ «А» сынып**  
**оқышысы**

## • ТАҒЫЛЫМ

# Тарихты құрмет тұтады

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназияның ұстаздары академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Бейсенбековамен кездесті.

Нұрсахан Ахметқызы – Ахмет Байтұрсынұлын болашақ ұрпаққа танытуда айтарлықтай үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі. Қазақ халқының тұлғаларын терең зерттеп, олардың өмірі мен шығармаларын өскелең ұрпаққа танытудағы еңбегі орасан. Әсіресе, Тұлғатану саласындағы ғылыми жұмыстары мәдени мұраны сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу тұрғысынан ерекше маңызға ие. Бұл зерттеулер қазақ халқының рухани және мәдени байлығын жаңаша қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Нұрсахан Ахметқызының еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен қызметі терең зерттеліп, ел тарихына қосқан үлесі жан-жақты көрсетілген.

«Ұлт болашағы және кемелдену» тақырыбында өткен дөңгелек үстел форматындағы сұхбатқа мектеп-гимназия ұстаздары Сабира Күлпеисова, Айжан Оспанова, Қуаныш Сұңғатұлы мен ІІ-сынып оқушысы Аяулым Қосымова мен 9-сынып оқушысы Аяна Ахынбек қатысып, ойларында жүрген сауалдарын жолдап, келелі, құнды пікірлерін тыңлады.

– 1969-1974 жылдар аралығында Алматыдағы Киров атындағы университеттің тарих факультетінде оқыдым. Осы оқу орнын бітірісімен сол кездегі университет ректоры Евней Арыстанұлының шақыруымен жолдасым екеуіміз Қарағанды қаласындағы университетке келіп жұмысқа тұрдық. 1974 жылдан бері осы аталған университетте 51 жыл еңбек етіп келемін. «Тұлғаларды қашаннан бастап зерттей бастадыңыз?» деген сұраққа келсем, атақты тарихшы Бекмахановтың деген профессор өз сабақтарында Бекмаханов туралы көп айтатын. Сол кезде осындай тұлғалар туралы кеңінен білсек деп армандадық. Бұл бірінші себеп болатын, екінші себеп еліміз Тәуелсіздік



алғаннан кейін құрылтайды Мұстафа Шоқайға арнадық. Осы құрылтайда Мұстафа Шоқайдың еңбектерін жинақтадық. Бұл еңбекте Мұстафа Шоқайдың 250 мақаласы жинақталып, 2 томдық жинақ болып шықты. Осы еңбектерді оқып шығып, Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмысына құлшына кірістік. Осыдан кейін көп ұзамай «Жас Алаш» зерттеу клубын құрдым. Студенттерді жинап, Мұстафа Шоқайды зерттей бастадық. Біз мақаламыздың атын «Мұстафа Шоқайдың еңбектеріндегі ұлттық идея» деп атадық. Алаш Орданың ақталған кезіндегі құжаттар қолға түсті. Сөйтіп екінші бір зерттеуге көштім, ол Әлихан Бөкейхан туралы зерттеу болатын. «Жас Алаш» зерттеу клубында тұлғалар туралы шағын конференциялар өткізе бастадық. Қолымызда мардымды архив материалдары жоқ, аздаған деректерді зерделеп жұмыс жасадық. Осыдан бастап тарих факультетінде «Әлихан Бөкейхан және біз» деген ұстаным пайда бола бастады. 2014 жылдың қаңтарында «Тұлғатану» орталығы ашылды. Осы орталықтың ашылғанына биыл 12 жыл болады. Жанында жүрген жақсы адамды зерттеуге «Тұлғатану» орталығында «Өнегелі өмір» деген жоба ойладық. Қазір «Жас Алаш» ғылыми зерттеу клубынан басталған құрылтай өз жалғасын табуда. Жыл сайын жас зерттеушілерге арналған құрылтай өткіземіз. Ол құрылтай тарихи тұлғаларға арналып өт-

кізіледі. Ең басында презентация, слайдтармен қорғайтын болды. Қазір ғылыми еңбекке айналдырдық. Соның ішіндегі жеңімпаздардың мақалаларын жариялап, «Тұлғалар тағылымы» деген серия шығардық. Бұл серияға жас зерттеушілердің еңбектері кірді. Биылғы ХІ құрылтай академик Е.Бөкетовтің 100 жылдығына арналды, – деп атап өтті Нұрсахан Ахметқызы.

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушы әдіскерлігінің қазіргі педагогикадағы орны туралы Нұрсахан Ахметқызы «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт азаттық қозғалысының рухани көсемі. XX ғасырдың басында қолға қару алмайтын азаттық қозғалыс басталды. Осылардың басында Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан тұрды. Әлихан Бөкейхан бастаған үлкен топ, ең бірінші бала тәрбиесіне көңіл аударды. Баланы тәрбиелейтін бірнеше орта бар: жанұя тәрбиелейді, орта тәрбиелейді, ұстаз тәрбиелейді. Олай болса Алаш зиялылары өткен ғасырда ұстаздың қоғамдағы орны, статусы ең жоғары екенін айтып кеткен. Қазіргі таңда мемлекет мұғалімнің статусын көтерді», – деді.

Сұхбат барысында Нұрсахан Ахметқызына Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі атқарған қызметі, қазіргі қазақ журналистикасымен сабақтастығы туралы өз сөзінде: «Қазақ» газетінде саясат, экономика, ауыл шаруашылығы туралы

мақалалар арқылы сол кезеңдегі мәселелерді қозғаған. Газетте қазіргі біз айтып жүрген ауыл кооперативтері туралы жазылған. XX ғасырда қазақ баласына не керек дегеннің бәрін «Қазақ» газеті арқылы жазып кеткен. Бүгінгі газеттер «Қазақ» газетінен сабақ алу керек. Журналистика мамандығына барамын, тарих пәні мұғалімі боламын деп отырған балалар үшін бұл аса құнды. Жыл сайын «Қазақ» газетінің алғаш басылған күнін 2 ақпанды міндетті түрде атап өтуіміз керек, – деді.

Қазақ елінің экономикалық даму жолындағы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің маңызы жайында Нұрсахан Ахметқызы «Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ өзінің жеріне қоныстанатын болмайынша, қазақтың жерін орыс шаруаларына беруге болмайды» деген. Оның сөзін әрі қарай Әлихан қоштайды: «Жердің астындағы, үстіндегі байлықтың бәрі қазақтың кеудесіне түйіме болып қадаласын», – деп қазақтың жері сатылмайды дейді.

Олай болса, бүгінгі күні осы мәселеге қатаң қарауымыз керек. Ұлы кеменгердің XX ғасырдың басында жазып кеткен экономикалық көзқарастарының бүгінгі Тәуелсіз еліміздің дамуына қосатын үлесі мол.

**Сауле ИЗТУЛЕУОВА,**  
**А.Байтұрсынұлы атындағы**  
**мектеп-гимназияның**  
**директоры**

## • ОЙТӨЛҒАУ

# Заманауи қазақ болу мүмкін бе?

Бүгінгі қазақ қандай болуы керек? Біз өзімізді заманауи әрі ұлттық құндылықтарын сақтаған ұлт ретінде қалыптастыра аламыз ба? «Заманауи қарай – бөркінді ки» дейді қазақ. Шын мәнінде, уақыт өзгерген сайын адам да, қоғам да өзгереді.

Егер жастардың тілімен айтсақ, бүгінде жастар өз өмірлеріне аса қызығушылық танытып, өздеріне не керектігін нақты біледі және сол жолда күресуге дайын. Олар өздерінің мүмкіндіктеріне сенім артпай және болашақта білім мен дағдылардың сенімді тиімділігін жақсы түсінеді. Өзінің ұлттық мүддесі үшін еңбек ететін, тарихын бағалайтын және болашаққа еш кіршіксіз сенетін рухты жастардың барына сенім арта отырып, олардың мүмкіндіктерге еркін қол жеткізуіне жағдай жасаған жөн.



Бүгінгі қазақ бұрынғы көшпенді бабалары сияқты атқа мініп, мал бағып жүрген жоқ. Біз – мегаполистерде өмір сүріп, технологиялық прогреске бейімделген, жаһандық мәдениеттің әсерін сезініп отырған ұрпақпыз. Бірақ осы өзгерістің арасында біз қазақ болып қалдық па? Кейбіреулер ұлттық болмысты сақтаудың жалғыз жолы – өткенге оралу деп

есептейді. Дәстүрлі киім киіп, көшпенді өмір салтын дәріптеу арқылы ғана қазақтығымызды сақтаймыз деген пікір бар. Алайда қазақтың тарихына көз жүгіртсек, біздің ұлтымыз әрдайым заман ағымына бейімделіп, сонымен бірге өз ерекшелігін сақтап келген. «Елу жылда – ел жаңа» демекші, қазақ қоғамы өзгермей қалған емес. Бірақ, бұл өзгерістер қа-

зақтың өзегін сақтап, рухани тұтастығын жоймады. Бүгінгі қазаққа тек ұлттық дәстүрді сақтау жеткілікті ме? Ұлттық құндылықтарға беріктігіміз бізді дамудан тежемей керек. «Білімді мыңды жығады» деген сөз бар. Заманауи қазақ – ең алдымен, білімді, технологияны меңгерген, әлемдік бәсекеге қабілетті тұлға болуы тиіс. Бірақ сонымен бірге, өзінің ата-бабасының

мұрасын, тілін, ділін қадірлейтін жан болуы керек емес пе? Біз бүгінде заманауи болу үшін шет тілін үйренеміз, әлемдік мәдениетке бейімделеміз, жаңа идеяларға ашық боламыз. Бірақ, осының бәрі бізді қазақ болудан алыстата ма? «Жаңаны үйрен, бірақ ескіні ұмытпа» деген қағида дәл осы сұраққа жауап бола алады. Заманауи қазақ – өз болмысынан ажырамаған, бірақ заманауи әлемде өз орнын тапқан адам. Ол өз тілінде сөйлейді, бірақ бірнеше тіл білу арқылы өзін әлемдік деңгейде дамытады. Ол салт-дәстүрін біледі, бірақ сонымен бірге, ескі мен жаңаны үйлестіре алады. Ол өткеннің жүгін арқаалаған, бірақ болашаққа сеніммен қарайтын тұлға.

Қазақ халқының бай мәдениеті ғасырлар бойы өзінің ерекше дәстүрлерімен, рухани құндылықтарымен ерекшеленіп келді. Алайда жаһандану заманы мен урбанизация ұлттық мәдениеттің кейбір аспектілерін ұмыт қалдыруға алып келді. Соған қарамастан, соңғы жылдары қазақ жастары арасында ұлттық мұраға деген қызығушылықтың артуы байқалады. Бұл құбылыс заманауи мәдениет пен дәстүрдің үйлесім тапқан кезеңі деп айтуға болады.

Ендеше, заманауи қазақ болу мүмкін бе? Әлде уақыт ағымы бізді ұлттық болмыстан ажыстатып, басқа мәдениетке жүйіліп кетуге мәжбүрлей ме? Жауабы әр адамның өз таңдауында.

**Гүлім СОВЕТ,**  
**Босаға жалпы білім беретін**  
**мектебінің ІІ-сынып оқушысы**

Шет ауданы

• БАЛАУСА ҚАЛАМ

# Болашаққа жастар жауапты

Балқаштағы Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейінде 2010-2011 оқу жылында мектеп директорының ұсынысымен, кітапхананың ұйымдастыруымен «Жас өркен» баспасөз орталығы ашылған болатын. Оған ойы ұшқыр, тілі жатық, сөз қадірін білетін, әдебиетке жақын оқушылар жинақталды. Бүгінде жас тілшілер өз деңгейінде жұмыстарын жалғастыруда. Сіздерге осы оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жіберіп отырмыз.



Сурет ашық дереккөзден

## Елімнің патриотымын

Отан! Қандай құдіретті сөз, өмірімнің бар мақсаты осы сөздің ауқымына сыйып кетердей. Отаным деп соққан жұдырықтай жас

жүрегімнен шыққан осы сөзді айдай асқақтықпен айта аламын. Ата-бабамыздың азаттық жолындағы ерен ерлігінің арқасында жеткен елімді мақтаныш етемін. Атыраудан Алтайға дейін

созылған ұлан-ғайыр кең өлке, тарихы шексіз, дәстүрі шетсіз ата жұрт, әні мен күйі шалқынған, сыры мен жыры толқынған ғажайып сұлу мекен. Менің елім бүгінде қанаты қатайған, өркениеті да

мыған, әлемге танымал мемлекет. Қазақстанның кең-байтақ жері бар, сабырлы да еркін халқы бар, үлкен мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолы да ерекше. Ата-бабадан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес мемлекет ретінде өз білігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз ашық, дастарқаны мол, қолы жомарт халық ретінде дамып келе жатқан еркін еліміз.

Бүгінгі Қазақстан – әлемдік аренада өз орнын ойып алған, Азия мен Еуропаны мойында-та білген өжет елдің мекені. Мен осындай елдің қызымын. Мен бақытты елдің жас ұрпағымын. Елімнің ертеңгі күні үшін еңбек ететін азаматымын. Мен – елімнің патриотымын! Өзімнің бар білімдімді, еңбегімді, тәжірибемді осы мемлекеттің бүгінгі мен болашағына арнауға жұмсаймын, сол себептен еліміздің өсіп-өнуі үшін қасиетті Отанымның өркендеп дамуы үшін келешекте аянбай тер төгемін деп мақтанышпен айта аламын. Өйткені мен сүйікті Отанымды жақсы көремін. Өрқашан көгімізде бейбітшілік белгісіндей боп көгершіндер, теңдік, бостандық белгісіндей боп қыран құстар самғай берсін деп тілеймін.

**Камила ТУЛПОТАЕВА,**  
**Ә.Бөкейхан атындағы №15**  
**мектеп-лицейінің**  
**9 «Ә» сынып оқушысы**

## Балқашым

Атың да асқақ бүгінде,  
Мыс ордасы – Балқашым.  
Еңбекпенен жетілген,  
Еңбекші елім – Балқашым.

Зауыттың бір мұнарлы,  
Алтын, күміс өндірген.  
Топырағың құнарлы,  
Егін, жеміс егілген.

Халқымыздың еңбегін,  
Ақтар қалам – Балқашым.

Алтыны мен мырышын,  
Елге таратқан – Балқашым.

Ақындар талай толғанып,  
Талай-талай жыр жазған.  
Келбетті менің Балқашым,  
Киелі менің Балқашым.

**Ұлан МОЛБОЛСЫН,**  
**Ә.Бөкейхан атындағы**  
**№15 мектеп-лицейінің**  
**10 «А» сынып оқушысы**

Дүниені сақтап қалар сұлулық,  
Сұлулық деген жүректегі жылулық.  
Арлы болу адамдықтың белгісі,  
Ал адамдық атына сай ұлылық.

Жылылыққа ериді тоң, мұздар да,  
Жылулықтан жығылады ызғар да.  
Еліміздің мықтылығы қазық,  
Жайсаң мінез, жаны сұлу қыздарда.

Өнерімен өрге сүйер елімді,  
Аққуымдай аруалаған көлімді.

## Сұлулық

Иман жүзді қыздар да өсіп келеді,  
Сұлулықтың символындай сенімді.

Ар оянып аруларын қорғасын,  
Өркенді жыр жайсаңдарын толғасын.  
Адалдыққа аманат боп сұлулық,  
Әр жүректе жайнап тұрсын, солмасын!

**Мадина АБЛАЙХАНОВА,**  
**Ә.Бөкейхан атындағы**  
**№15 мектеп-лицейінің**  
**9 «В» сынып оқушысы**

• МӘСЕЛЕ

# Туған тілді бағалай алып жүрміз бе?

Мемлекеттік тіліміздің жағдайы көңіл қуантарлықтай болмай тұр. Не себеп дейсіз ғой? Өскекең ұрпақтың көбінің өзге тілде сөйлеуі аландатып тұр. Олардың күнделікті қазақ тіліндегі емес, өзге тілдегі кино, мультфильмді көруі. Бұл – тек бір ғана себебі. Смартфондағы ойнайтын ойындарының да орыс немесе ағылшын тілінде қолданылуы ұлттық тілді ұмытуға көп себеп. Соның салдарынан жас өрендеріміз өз ана тілімізде емін-еркін сөйлей алмай, ойының бәрін орыс тілінде жеткізуді жөн көреді.

Осы орайда «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген мақал ойға оралады. Алайда, өз тілімізге құрметтің болмай тұрғаны қынжылтады. Тілі енді шығып келе жатқан сәбилердің былдырлап өзге тілде сөйлеуі – ұлттығымызға сын. Соны мақтаныш көріп, әлеуметтік желіге салып қоятын ата-аналарды да көзіміз көріп жүр. Жуырда мектебімізде тіл

мәселесіне арналған «Қазақ тілі – қазақ боп қалуымының кепілі» тақырыбында ойталқы ұйымдастырылды. Оған 9, 10-сынып оқушылары қатысып, іс-шара барысында жас жеткіншектеріміз тіл мәселесінің қазіргі жағдайы туралы сөз таластырып, ойларын ортаға салды. Бүгінгі заман келбетінен ана тіліміздің ежелден мұра боп келе жатқан мәртебесі



Сурет ашық дереккөзден

жоғары бірден-бір қазына екеніне салыстыра дәлелдер келтірді.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны

ұлттың рухына, қазына-байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сөні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана

тілі мен дәстүрі. Біздің халық ретінде қасиетімізді жоғарылататын да ана тіліміз – қазақ тілі. Сол үшін тіліміздің жойылуына жол бермеу әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Сәбилеріміз шет елдің орысшаға аударылған мультфильм, киноларын жандарын беріп көреді. Өкінішке қарай, өзіміздің отандық мультфильмдер ондай жоғары сұранысқа ие емес. Осы орайда тағы да «Неге?» деген сұрақ туындайды. Бұл – кейбір ата-аналардың бала тәрбиесінде жіберіп отырған үлкен қателігі. Жоғарыда айтқанымыздай баланы ата-ана емес, смартфон мен интернет тәрбиелеп отырғанын көріп, біліп отырымыз. Ол тәрбие емес-ау, керісінше сәбилеріміздің санасын ұлап жатыр ма деп ойлаймын. Заманына қа-

рай адамы деген де осы шығар. Технология дамыған сайын, ол біздің өмірімізге де дерт сияқты дендеп барады.

Тіліміз, жеріміз, еліміз үшін ата-бабаларымыз қанша тер төгіп, өз өмірлерін қатерге тікті. Ендеше, бізге қалдырып кеткен мұрасын жоғары деңгейге көтеріуіміз керек.

Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» дегеніндей, тіліміздің мәртебесінің асқақ болуына үлес қосуымыз қажет. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Әр істі өзімізден бастауымыз керек.

**Айсана АЛПЫСБЕК,**  
**№26 мектептің 11-сынып оқушысы**

• «КІТАП ОҚИТЫН ҰРПАҚ»

# Шын жүректен кітап сыйла

Кітап сыйлау – білім мен руханияттың алтын кілті. Кітап – адамзаттың ой-санасы мен рухани әлемін дамытуда маңызды рөл атқаратын құнды қазына. Ол білімнің шексіз көзі, адамның дүниетанымын кеңейтетін, жан дүниесін байытатын құрал. Бүгінде кітап сыйлау дәстүрі тек біреуге сыйлық жасауда ғана емес, сондай-ақ мәдениет пен білімді насихаттау құралы ретінде кеңінен таралуда.

Мектебіміз «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» облыстық челленджіне қатысты. Бастауыш сынып оқушылары белсене қатысып, кітап сыйлау арқылы өздерінің білімге, әдебиетке деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Мектеп кітапханашысы Б.Саметова балалардың игі іс-шарасын жоғары бағалап, әрбір оқушыға алғыс білдірді. Балаларға кітаптың тек білім мен ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар рухани байлық екенін

ерекше айтып өтті.

Кітап сыйлау – бұл тек сыйлық емес, адамдар бір-біріне құрмет пен сыйластықтың белгісі ретінде сыйлыққа кітап ұсынатын күн. Бұл күні оқырмандарымыз кітапханға өздерінің сүйікті кітаптарын сыйлап, кітап әлемімен бөлісті. Сыйға тартылған кітаптардың ішінде ертегілер, әңгімелер, танымдық кітаптар және балалар әдебиетінің үздік туындылары болды. Оқушыларымыз таңдап алған кітаптарын үлкен қызығушылықпен және шат-

тықпен сыйлады, әр оқушы сыйға тартқан кітаптарын сыныптастарымен бөлісіп, оқыған кітаптары туралы пікірлерін ортаға салды. Сыйға тартылған кітаптар әр оқушының жеке дүниетанымын көрсететін ерекше құндылық.

Кітап сыйлау – бұл білім мен мәдениеттің, руханият пен ізгіліктің белгісі. Ол тек адамға білім беру ғана емес, оның ішкі әлемін байытып, өмірдің мағынасын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Кітапты оқу арқылы баланың танымы кеңейеді, ой-өрісі дамиды, және ол тек білім алып қана қоймай, әр түрлі оқиғаларды түсініп, өзіне рухани азық алады.

**А.АШЕНБЕКОВА,**  
**әл-Фараби атындағы**  
**жалпы білім беретін мектептің**  
**бастауыш сынып мұғалімі**

**БАЛҚАШ**

• МЕКТЕП ӨМІРІНЕН

# Озық тәжірибенің берері мол

**Үстаз – ұрпақтың шамшырағы, ал білікті ұстаз – ұлт болашағының темірқазығы. Осы ұлы мұрат жолында әр педагог ізденісін шындап, жанашырлыққа ұмтылады. Осы орайда Байқадам жалпы білім беретін мектебінде өткен аудандық семинар ұстаздардың кәсіби даму жолындағы тағылымды басқосуы болды.**

Семинардың мақсаты – білім саласындағы жаңа технологиялар мен тиімді әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы мұғалімдердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ, педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру. Семинар барысында түрлі пән мұғалімдері ашық сабақтар

өткізіп, шеберлік сағаттарын ұйымдастырып, оқытудағы озық әдістерді бірлесе талқылады. Жиынға Бұқар жырау ауданының білім бөлімінің әдіскерлері, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп, Ботақара мектебі, Ж.Аймауытұлы атындағы мектеп, Қушоқы мектебі және өзге де білім ордаларының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен бастауыш сынып ұстаздары қатысты. Әрбір сабақ қызықты әдістемелік тәсілдермен, инновациялық технологияларды қолдану арқылы өткізілді.

Мұғалімдердің шеберлігі мен жан-жақтылығы қатысушыларды тәнті етті. Айта кететін болсақ, 7-сыныпқа арналған «Көксерек» әңгімесін талдау бойынша Байқадам мектебі мұғалімдері өткізген сабақ оқушыларды шығарманың тереңіне бойлатты. Олар оқушылармен бірлесе жұмыс жа-

сап, шығармадағы кейіпкерлер бейнесін саралады. Сабақ барысында әртүрлі көрнекі құралдар мен интерактивті әдістер қолданылып, оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолдары көрсетілді.

Семинар соңында барлық қатысушылар дөңгелек үстел басына жиналып, алған әсерлерімен, мұғалімдер бір-біріне ұсыныстарын айтып, жаңа идеяларымен бөлісті. Барлығы да осындай кездесулердің ұстаздар қауымы үшін маңыздылығын атап өтті. Семинарға қатысқан әрбір педагог өзінің кәсіби деңгейін көтеріп қана қоймай, шығармашылық шабытпен оралды.

**Рымкүл ЖҰМАҒҰЛОВА,**  
**Байқадам жалпы білім беретін мектебінің директоры**

**Бұқар жырау ауданы**



## • АТ СПОРТЫ

## Сәйгүлікке сүйенген арман

Ат спорты – тек дене қозғалысын қалпына келтіріп қана қоймай, жан дүниені емдейтін спорт түрі. Соңғы жылдары елімізде, оның ішінде, Қарағанды өңірінде паралимпиадалық және арнайы Олимпиада бағдарламасына енетін осы спорт түрі қарқынды дамып келеді. Осы мақсатта Қарағандыдағы «TURAN-EL» спорт орталығы алаңында облыс әкімінің ашық кубогы өтті. Жарыстың ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев қатысып, бұл бастаманың өңірлік деңгейден республикалық, тіпті, халықаралық деңгейге шығатынына сенім білдірді.

**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирге тірек-қимыл аппараты мен ойлау қабілеті бұзылған 30-ға жуық шабандоз қатысты. Турнирдің географиясы да ауқымды болды. Қатысушылар Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Маңғыстау облысы мен Астана, Алматы қаласынан келіпті. Бейімделген ат спорты елімізде алғаш рет Шығыс Қазақстан облысында қолға алынып, кейін Қарағандыда жүйелі дамуға бет бұрды. Осы аралықта Қарағанды иппотерапия саласында



тың серпіліс жасап үлгеріпті. Иппотерапия жөніндегі нұсқаушы әрі жаттықтырушы Амина Есина өңірде иппотерапия сабақтарының тегін өткізілетінін баса айтты.

– Бұл – ата-аналар мен балалар үшін таптырмас көмек. Жаттығулар тұрақты негізде жүргізіледі. Бұның бәрі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асады. Біз үнемі иппотерапиямен айналысатын шабандоздарды жарысқа дайындаймыз. Осы турнирге Қарағандыдан бес спортшымыз қатысып отыр. Жалпы, осы спорт түрі тұрақты түрде еңбек етуді талап етеді. Иппотерапия мен паралимпиада ойындарынан жарысқа қатысып, содан соң ұмытып кететін спорт түрі емес. Жаттығулар мен тәжірибенің арқа-

сында Қарағандыдағы ат спортын халықаралық дәрежеге шығарамыз деп ойлаймын, – деді Амина Есина.

Жарыс халықаралық стандарттарға сай ұйымдастырылған. Қатысушылар паралимпиадалық және олимпиадалық бағыт бойынша сынға түсті. Паралимпиадалық бағытта өнер көрсеткен спортшылар қиын элементтерді орындап, кәсіби дайындықтарын паш етті. Ал, арнайы Олимпиада бағдарламасына қатысушылар үшін арнайы бейімделген жолдар құрылған. Әр шабандоз сол маршрут бойынша жүріп өтуі қажет.

Оскеменнен келген Юлия Яковлева «Ақ Тай» мүмкіндігі шектеулі балалар қорында жұмыс істейді. Өзі иппотерапияның адам ағзасына

тигізер пайдасына тоқталып, маңыздылығын атап өтті.

– Ат спорты – мүмкіндіктердің шексіздігін дәлелдейтін бірден-бір бағыт. Мұнда диагноз маңызды емес. Маңыздысы – жүректегі сенім мен атқа деген сенім. Аtpен шапқан кезде дененің барлық бұлшық еттері жұмыс істеп, физикалық және психологиялық оңалу процесі қатар жүреді. Сондықтан, бұл спортпен бір рет айналысып, кейін тастап кету деген болмайды. Керісінше, үздіксіз еңбек пен шыдамдылықты талап етеді. Егер осы қағидаларды жадында сақтап, еңбектесең, нәтиже болады, – дейді ол.

Маңғыстау облысынан келген 11 жастағы Берекет Бейсембаев ат спортына бала кезінен қызығады екен. Бүгінде бірнеше чемпионаттарға қатысып, үздіктердің қатарынан көрініп жүр.

– Бұл – менің үшінші жарысым. Бірінші сайыста ІІІ орын алдым, Ал, екіншісінде екі медаль жеңіп алдым. Біреуі – алтын, екіншісі – күміс. Атқа мінген сайын өзімді шынайы батыр сезінемін. Алда тағы да жарыстарға қатысып, алтыннан алқа таққым келеді, – дейді шабандоз.

Айта кетейік, жарыс жеңімпаздары Ұлттық құрама сапына еніп, алдағы уақытта өтетін халықаралық турнирлерге қатысу мүмкіндігіне ие болды.

*Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан*

## • МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

## Маусым мәресіне жетті

Қарағандыдағы К.Станиславский атындағы орыс драма театрының сахнасында Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары академиялық оркестрі өзінің 37-ші концерттік маусымын салтанатты түрде аяқтады.

Бұл ерекше кеште көрермен назарына ұлттық классиканың жауһарлары, халық күйлері мен қазіргі заманғы оркестрлік өңдеулер ұсынылды, сонымен кеш нағыз музыкалық мерекеге айналды.

Кешке вокал өнерінің шеберлері – елордадан келген республикалық байқаулардың лауреаты, тенор Әлихан Зейнолла және халықаралық конкурстарының жеңімпазы, сопрано Рысты Рахымжан қатысты.

## • ТУРНИР

## Сергектік серпін сыйлайды

Кеншілер қаласында жыл сайын мемлекеттік қызметшілер арасында облыстық турнир өткізіліп келеді. Биыл да аталған доданың жалауы желбіреді. Биылғы мерейтойлық, XXV спартакиадаға аймақтың түпкір-түпкірінен мемлекеттік қызметшілер қатысып, бақ сынауда.



Сурет облыс әкімінің сыйтасын

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтсақ, облыстық біріншілікке жергілікті атқарушы органдардың 200-ге жуық қызметкері, қалалар мен аудан әкімдіктерінің командалары және аймақтық іріктеу кезеңдерінде спорт түрлері бойынша бірінші орын алған басқармалар қатысуда.

Турнирдің жарыс бағдарламасына волейбол, шағын футбол, жүзу, үстел теннисі, қазақ күресі, шахмат, тоғызқұмалақ, арқан тарту, 3х3 баскетбол сияқты спорт түрлері енгізілген.

– Елімізде саламатты өмір салты мен спорт біріктіруші күш әрі ұлттық идеяға айналып отыр. Мемлекет саясатының стратегия-

лық бағыттарының бірі – бұқаралық спорттық қозғалысты кеңейту. Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы спартакиада – қазір іске асырып жатқан міндетімізге қосатын нақты үлес. Себебі, мемлекеттік қызметкерлердің бөделі дене шынықтырумен және саламатты өмір салтымен тығыз байланысты болуы тиіс, – деп атап өтті жарыстың ашылуында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Дәурен Есімханов.

Турнир қорытындысы негізінде облысымыздың құрамасы жасақталады. Құрама команда 10-17 маусым аралығында Өскемен қаласында өтетін республикалық біріншілікке қатысып, аймақтың намысын қорғайды.

## • БОКС

## Қарсылас шак келтірмеді

Жуырда Шри-Ланканың Коломбо қаласында бокстан Азия чемпионаты өткен болатын. Оған әлемнің түпкір-түпкірінен кіл жүйріктер қатысып, өзара мықтыны анықтады. Осы чемпионатта Ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен қарағандылық боксшылар ел қоржынына төрт алтын, екі күміс және бір қола медаль салды. Жеңімпаздарды облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев арнайы қабылдап, құрмет көрсетті.

Жарысқа қатысушылар U22 және U19 санаты бойынша өнер көрсетті. Солардың қатарында U22 санатында жұлдырықтасқан жерлесіміз Жасұрбек Анарбаев алтын медаль жеңіп алды. Ал, осы санатта бақ сынаған Гүлнар Тұрапбай мен Томирис Мырзақұл күміс медаль еңгіледі. U19 санатында бақ сынаған Алина Құдайғенова, Нығмет Нығман және Расул Асанханов алтымен апталды. Ал, Нұрсұлтан Жетістау-бай қола жүлдеге қол жеткізді.

– Алина Құдайғенова осы чемпионатта топ жарып, үш мәрте Азия чемпионы атанды. Сонымен қатар, қатарынан екі



дүркін «Азияның үздік спортшысы» атанды. Мемлекет тарапынан биыл спортшыларға үлкен қолдау болды. Әрі басқарма тарапынан да көмек көрсетілді. Осы жолы боксшыларымыздың дайындық режиміне өзгерістер енгізілген. Сәйкесінше, әр боксшының техникасы күшейе түсті. Енді жаңа жүйе бойынша боксшыларымыз

## • БӘРЕКЕЛДІ!

## «Әлихан аллеясы» ашылды

Қарағанды қаласының Ә.Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі маңынан Ұлт көсеміне арнап «Әлихан аллеясы» ашылды. Игілікті іс-шараға белгілі зиялы қауым өкілдері мен мектеп ұстаздары қатысты.



«Әлихан аллеясына» Алаш көсемінің бюсті орнатылып, жас көшеттер егілді. Мектеп директоры Айнуір Жаппарқұлова бұл жұмыстың атқарылуына мұрындық болып, қаржылай демеушілік білдірген мектеп тұлғалары мен ұстаздар ұжымына айрықша алғысын білдірді.

Іс-шараның алғашқы тізгінқағар сөзін мектептің тұңғыш директоры, әлихантанушы, журналист Тілеуғалы Әміртауұлы алып, бұл іс-шараның маңыздылығын жоғары бағалап, орамды оймен бөліскен болатын.

– Тәуелсіздік жылдарының басында Қарағандыда қазақ тіліндегі мектеп жоқ еді. Сол кездегі мектеп ұжымының жанкештілігінің, қолға, мемлекет қайраткері марқұм Шаймерден Оразалиннің ықпалының арқасында біз дербес қазақ мектебін ашып, оған Әлихан есімін бердік. Бүгінде бұл мектеп – қаламыздағы көш бастап тұрған алдыңғы қатардағы мектептердің бірі. Әлихан атамыздың рухына арнайы жасалып жатқан тағылымды іс-шаралар одан әрі жалғасын таба берсін, – деді Тілеуғалы Әміртауұлы.

Ілгеріде атап өткеніміздей, салтанатты іс-шараға зиялы қауым өкілдері, сонымен қатар, ардагерлер алқасы да қатысты. Салтанатты жиында аллеяның қызыл таспасын

кино рәсімін Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарихшы Нұрсахан Бейсенбекова, ел ішінде «Әлихан» шырақшысы» атанған Тұңғышбай Мұқан және әлихантанушы Тілеуғалы Әміртауұлы жасады.

Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, тағзым ишарасы жасалды.

Одан әрі мектеп ұжымының дайындаған концерттік бағдарламасы қойылып, көрермендерін тәнті етті. Сонымен қатар, университеттің жалынды жастары өздерінің өнерлерін паш етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Мәдени іс-шара соңында жылдың қорытындысы бойынша үздік деп танылған оқушылар мен мұғалімдер марапатталып, қаржылай сыйлық табысталды. Осылайша тәлімі мол, өнегесмен өрнектелген алқалы шара өз мәресіне жетті.

Баршамыз білетіндей, келер жылы Ұлт көсемінің 160 жылдық мерейтойы. Ұлт заңғарының есімін иеленген мектеп соның қамына қазірден кірісіп кетті.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
Қарағанды зерттеу университетінің  
ІІ курс студенті

*Сурет ұйымдастырушылардан*

|                                                                                                                                                                                                                    |  |                                                                                                                                                                                                |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| <b>ORTALYQ QAZAQSTAN</b><br>Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет                                                                                                                                                |  | <b>Телефондар:</b><br>Бас редактор: 43-38-53<br>Бас редактордың орынбасары: 43-58-08<br>Интернет-редакция редакторы: 43-38-33<br>Жауапты хатшы: 43-49-72<br>Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; |  | Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.<br>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.<br><b>Мекенжайымыз:</b> 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. |  |
| Құрылтайшысы: облыс әкімдігі<br><b>МЕНШІК ИЕСІ:</b> «Saryarqa Aqparat» ЖШС                                                                                                                                         |  | <b>Меншікті тілшілер:</b><br>Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70<br>Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50<br>Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19    |  | Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.                                                                                                                                                                                                                                               |  |
| Директор<br><b>Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</b><br>Директордың орынбасары<br><b>Оксана Вячеславовна МЯГКИХ</b><br>Директордың орынбасары<br><b>Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА</b>                                             |  | Бас редактор<br><b>Е.К. МҮСАБЕК</b><br>Бас редактордың орынбасары<br><b>Қ.А. АЙТЖАН</b><br>Сайт редакторы<br><b>І.Д. МҰҚАЙ</b><br>Жауапты хатшы<br><b>С.Б. ПИЯШ</b>                            |  | «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ<br>Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,<br>БИК KСJZKZKX БИН 000840001412<br>Тарапымы 4 724<br>№57 тапсырыс. Индекс 65484<br>Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.                                                                                                                         |  |
| Бағасы келісім бойынша<br>«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.<br><b>Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.</b><br>Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.<br>Кезекші редактор <b>Жансая ОМАРБЕК</b> |  | Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru<br>Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru                                                                                        |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |